

## USCIRF—RECOMMENDED FOR SPECIAL WATCH LIST

АҚШ-тың Діни бостандық жөніндегі халықаралық комиссиясы (USCIRF) - шетелде дін немесе сенім бостандығын бақылайтын тәуелсіз, АҚШ-тың екі партиясы қолдау көрсететін федералдық үкімет комиссиясы. 1998 жылы Халықаралық діни бостандық актісімен (IRFA) құрылған USCIRF шетелде діни бостандық немесе сенім бұзушылықтарын бақылау үшін халықаралық стандарттарды қолданады және президентке, мемлекеттік хатшыға және Конгреске саяси ұсыныстар жасайды. USCIRF - АҚШ мемлекеттік департаментінен бөлек және айырым бір ұйым. 2020 жылғы Жылдық есеп беру Өкілдер мен кәсіби қызметкерлер құжаттаған іс бойынша қиянаттар мен АҚШ үкіметіне тәуелсіз саяси ұсыныстарды жасау арқылы жылдық жұмыстың шарықтауын көрсетеді. 2020 жылғы Жылдық есеп беру 2019 жылдың қаңтарынан бастап 2019 жылдың желтоқсанына дейінгі кезеңді қамтиды, алайда кей жағдайларда бұл мерзімге дейін немесе кейін орын алған елеулі оқиғалар да көрсетілген. USCIRF туралы толығырақ ақпаратты [осы](#) вебсайттан қараңыз немесе USCIRF кеңсесіне тікелей 202-523-3240 нөмірі арқылы хабарласыңыз.

### ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

2019 жылы Қазақстандағы діни бостандық жағдайлар оң бағытта жылжыды. Үкімет АҚШ-тағы әріптестерімен сөйлесу барысында реформаларды әзірлеу мен жүзеге асыруда жұмыс істей отырып, діни бостандық көрсеткішін жақсартуға бірлескен күш салды. Мамыр айында Қазақстан елі АҚШ мемлекеттік департаментінің және USCIRF-тің қатысуымен алғашқы АҚШ-Қазақстан діни бостандығы жөніндегі жұмыс тобының отырысын өткізді. Мұнда қазақстандық лауазымды тұлғалар дінді реттеудегі кемшіліктерін ашық талқылап, бұл мәселелерді шешуге ықылас білдірді. Үкімет кейін діни заңнама және қадағалау реформасы үшін “жол картасын” қабылдады. Саясаттағы бұл тұрақты ілгері жылжу 2019 жылдың қаңтарында, яғни үкімет елдегі шектеуі бар 2011 жылғы дін туралы заңға бір жарым жыл бұрын ұсынылған өзгерістерді енгізуден бас тартқан кезде басталды. Егер заңды күшіне енсе, түзетулер заңды түрде өз дініне шақыра алатындарды одан әрі шектеуі мүмкін және қандай жағдайларда; балалардың діни іс-шараларға қатысуы үшін ата-аналарының екеуінен де рұқсат талап етіледі; және арнайы тағайындалған орындарға шектеулі ғибадат ету. 2019 жылдың қазан айы мен 2020 жылдың басына дейінгі аралықта Қазақстанның қалаларында төрт Діни бостандық дөңгелек үстелі өткізілді, оған мемлекеттік қызметкерлер мен әр түрлі діни бірлестіктердің өкілдері, соның ішінде тарихи қудаланған азшылық топтар да қатысты. Сонымен қатар, діни құқық бұзушылықтар бойынша [әкімшілік қудалану](#) саны [төмендеуін жалғастырды](#), яғни, 2019 жылы 160-қа жетті—бұл 2018 жылы 171 және 2017 жылы 284 болған саннан төмендеген.

Дегенмен, маңызды мәселелер әлі де бар. 2011 жылғы дін туралы заңда діни бостандықты жүйелі түрде шектейтін элементтер сақталған—әсіресе қиындық келтіретін тіркеу

талаптары және құрылтай құжаттары мен діни әдебиеттерге міндетті “сараптамалық” тексеріс жасау. 2019 жылы Харе Кришна қауымдастығының мүшелері, протестанттық христиандар және қадағаланатын мұсылмандар үкіметтің билік тарапынан [қысым жасалғаны](#), соның ішінде олардың діни сенімдері туралы сұраққа алынғаны туралы мәлімдеді. Үкімет елдегі діни ұйымдарды “құрушы мүшелерінің” дерекқорын жүргізеді; тізімдегі кейбіреулері түнгі уақыттағы тексерістер, Дін істері басқармасына міндетті түрде бару керектігін және тіркеу өтініштерінен қолтаңбаларын алып тастауға қысым көрсетілгені туралы шағымданды.

2019 жылдың аяғында 24 сүннит мұсылман діни сенімдері үшін [түрмеге қамалды](#), олардың көбі исламдық Таблиғи жамағат миссионерлік қозғалысының мүшелері немесе болжалды мүшелері. Тамыз бен желтоқсан айлары аралығында қазақстандық соттар [WhatsApp](#) қызметінде ислам туралы жеке талқылауға [қатысқаны](#) үшін тоғыз адамға бес және сегіз жыл аралығындағы мерзімге үкім шығарды, оны лауазымды тұлғалар «терроризмді насихаттау» және «алауыздықты қоздыру» деп анықтама берді. Сыртқы сарапшылар аталған ниет бойынша ешқандай дәлел таппады және мемлекеттік сарапшылардың біліктілігіне күмән келтірді. Шілде айында Алматыдағы қылмыстық сот протестанттық “Жаңа өмір” шіркеуінің үш пасторын, қатысушылардың қатыспауынсыз, төрт жыл және бес жылға [бас бостадығынан айырды](#) және олардың және шіркеудің мүлкін тәркілеуге бұйрық берді. Сот шіркеудің құрылуын денеге зиян келтіру және ұрлық жасауға бағытталған қылмыстық іс деп шешті және барлық уағыздарды, музыканы және шіркеудегі жиналыстарды қылмыстық жоспардың бөлігі деп қарастырды.

### АҚШ ҮКІМЕТІНЕ ҰСЫНЫСТАР

- “Халықаралық діни бостандық туралы” Заңына (IRFA) сәйкес діни бостандықтың қатаң бұзылғандығы үшін немесе оған жол бергені үшін Қазақстанды Мемлекеттік департаменттің арнайы бақылау тізіміне қосу;

- АҚШ-Қазақстан діни бостандығы жөніндегі жұмыс тобы арқылы Қазақстан үкіметімен бірге өзара жұмысты жалғастыру және Қазақстан үкіметінен келесілерді талап ету:
  - Діни тіркеу туралы заңдарды жою немесе өзгерту, соның ішінде құрушы мүшелерінің қажетті санын 10 тұлғадан аспайтын мөлшерде орнату;
  - Құрылтай құжаттары мен діни әдебиеттерге міндетті сараптамалық тексеріс жасауды тоқтату немесе процесті барынша айқын ету үшін айтарлықтай деңгейде реформалау;
  - Азаматтардың бейбіт діни көзқарастары мен іс-әрекеттеріне байланысты қамауды және үкім шығаруды тоқтату;
  - Әскери міндеттілікті ар-ождан немесе діни көзқарастары үшін орындаудан бас тартатын тұлғаларға әскери қызметке баламалы қызмет көрсету тәсілін қамтамасыз ету; және
  - Жақында құрылған Діни бостандық дөңгелек үстелдерімен бірлесе отырып, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін барлық сенім өкілдеріне ашу; және
- Қазақстандағы оқиғалар туралы, оның ішінде діни сенім бостандығына қатысты цензурасыз ақпаратты таратуды жалғастыру үшін Азаттық Радиосы, Азат Еуропа Радиосы/Азаттық радиосының қазақстандық қызметін АҚШ тарапынан қаржыландыруды жалғасуын қамтамасыз ету.

## USCIRF НЕГІЗГІ РЕСУРСТАРЫ МЕН ӘРЕКЕТТЕРІ

- **Қызметкерлердің ресми түрде баруы:** Нұр-Сұлтан, Қазақстан, мамыр 2019 жыл, сонымен қатар, АҚШ-Қазақстан діни бостандығы жөніндегі жұмыс тобының қатысуы
- **Елдегі жаңартылым:** [Қазақстан](#)
- **Заңнамалық ақпараттық парақ:** [Тіркеу заңдары](#)

## Мағлұматтар

Қазақстан аумағы бойынша Орталық Азиядағы ең ірі мемлекет, ал халық саны бойынша екінші орында - [шамамен 19 миллион тұрғыны](#) бар. Тұрғындардың шамамен 70 пайызы сүнниттік мұсылман, 26 пайызы христиан (оның ішінде православиелік, протестанттар, католиктер және Иегова куәгерлері), үш пайызы басқалар (еврейлер, буддистер, беһаизмді ұстанушылар және Харе Кришналар) және бір пайызы шииттер мен суфий мұсылманы. Халқының шамамен үштен екісі этникалық қазақтар - түркі халқы, ал қалғандары этникалық славяндар және өзбектер мен ұйғырлар тәрізді басқа түркі халықтары. Қазақстан - этникалық орыс халқы көп орналасқан, әсіресе солтүстік аймағында, Орталық Азиядағы жалғыз мемлекет.

Кеңес Одағы көптеген этникалық және діни азшылықтарды Қазақстанға депортациялады, нәтижесінде қазіргі кезде көптеген діни бірлестіктер құрылды. Нұрсұлтан Назарбаев, тәуелсіз елдің алғашқы президенті, үкімет елдің ерекше тарихи мұраларының бірі деп санайтын діни плюрализмнің үлгісі ретінде Қазақстанның имиджін дамытуға тырысты. Назарбаевтан кейін 2019 жылы президент болған Қасым Тоқаев халықаралық діни бостандық бойынша Қазақстанның көрсеткішін жақсартуға ықыласын білдірді.

Үкімет ашық түрде зайырлы және оны тұрақсыздандырушы күш ретінде қарастыратын дінді басқаруға тырысады. Ол

сүнниттік исламдық заңнаманың «дәстүрлі» ханафи мазхабының мектебіне қолдау көрсетеді және оған артықшылық береді; мұсылман әлемінен кеңірек туындайтын исламдық тәжірибелерге сақтықпен қарайды. Ол православие христиандығы, римдік католик діні және иудаизм тәрізді дәстүрлі және қауіп төндірмейтін басқа діндерді үкіметтің ұзақ уақыттан бері қалыптасып келе жатқан және жақсы қарым-қатынастары ретінде жіктейді, ал евангелистік христиандық және саентология сияқты аймаққа жаңадан келуші діндерге күдікпен қарайды. Үкімет діни экстремизмнің таралуына, ері оны кең ауқымда анықтайды және саяси оппоненттерге мақсаттау үшін пайдаланады, сондай-ақ прозелитизм мен миссионерлік қызметтен әлеуметтік тәртіпсіздік туу ықтималдығына ерекше алаңдаушылық білдіреді. Үкіметте экстремистік зорлық әрекеттерге қатысты заңды алаңдаушылықтар болғанымен, оның діни экстремизмге қатысты бұлыңғыр ұғымы отбасылық деңгейде де бұзушылығы болуы мүмкін деп есептейтін кез келген әрекетке қолданылады.

## 2011 жылғы дін туралы заң

2011 жылғы дін туралы заң қабылданғанға дейін, Қазақстан посткеңестік Орталық Азиядағы дін немесе сенім бостандығына қатысты ең төмен репрессивті елдердің бірі ретінде көрінді. Алайда бұл заң мүше саны жоғары деңгейде болуын және тағы басқа күрделі тіркеу талаптарын орнатты және тіркелмеген діни қызметке, соның ішінде білім беруді

ұсыну, әдебиетті тарату және діни адамдарды оқытуға тыйым салды. Басқа анық емес қылмыстық және әкімшілік жарғылар рұқсатсыз діни немесе саяси белсенділіктерді жазалауға мемлекет мүмкіндік береді. Содан бері діни топтар мемлекеттің қадағалауына алынды. Тіркелген діни топтардың жалпы саны 2011 жылғы заңнан кейін күрт төмендейді, әсіресе “дәстүрлі емес” діни ұйымдардың саны 48-ден 16-ға төмендеді.

### Тұтқындарға қарым-қатынас

Куаныш Башпаев мемлекетпен бақыланатын Мұсылмандардың діни басқармасын сынаған дерістері үшін 2016 жылдан бері түрмеге қамалды. Оның ісіне жақын ақпарат көздері [USCIRF](#) ұйымына түрме басшылығы содан бері оны жалғыз қамауда ұстап, жабық сот отырысынан кейін айыптаушы жақ дерістердің қандай бөлігі күдікке негіз болып саналатыны туралы толық мәлімет беруден бас тартты деп хабарлады. Сонымен қатар, Мұсылмандардың діни басқармасын сынап дерістерді жариялағаны үшін жеті жылдан астам жазасын өтеп жатқан қамаудағы мұсылман Дадаш Маженовтың туыстары ол 2019 жылы Шымкенттегі еңбек лагерінде болғанда азапталғанын [хабарлады](#). Мұсылмандық мереке Ораза айт мейрамында лагерьдегі тұтқындарға бүлінген тамақ берілді деп болжанды және көпшілігі ауырып қалды. Маусым айында түрме басшылығы мұсылман тұтқындарға күндізгі уақытта намаз оқуға тыйым салып, оларды қосымша түрме уақытымен қорқытты.

### Діни киімдерге шектеулер

Мұсылман ата-аналар мен студенттер ҚР Білім министрлігінің мектепте [хиджаб киюге тыйым салуына](#) қарсылық білдіруін жалғастырды. Ақтөбедегі білім беру қызметкерлері осы тыйым салумен байланысты аймақта кемінде 11 қыз мемлекеттік мектепке барудың орнына интернет арқылы қашықтықтан оқиды деп мәлімдеді. 29 тамызда мүдделі ата-аналармен кездесуде облыс әкімі хиджаб кию “қазақ мәдениетінің бөлігіне” жатпайтынын айтты.

### Шыңжаңнан келген этникалық қазақ босқындар

2019 жылдың аяғында және 2020 жылдың басында Қазақстан Қытайдың Шыңжаң провинциясындағы босқындарға қатысты саясатын өзгертіп, шекарадан Қытайдан қашып келген этникалық қазақтардың депортациясына [тыйым салған заңды](#)

[шешімдер](#) қабылдады. Үкімет жыл бойы Қытайға қарсы әрекеттерге қарсылық білдірді және мәселеге назар аударған белсенділерді [белсенді түрде құдалады](#). Наурыз айында, Қазақстан Қытайдың “терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге” қарсы әрекеттерін қолдайтындығын [ашық жариялады](#). 10 наурыз 2019 жылы Серікжан Біләш, Шыңжаңдағы этникалық қазақтардың мәселелерімен айналысатын адам құқықтары жөніндегі топтың жетекшісі, “ұлттық араздықты немесе алауыздықты қоздырғаны үшін” [қамауға алынды](#). Халықаралық талаптан кейін Біләшті тамыз айында [босатты](#) және ол бұдан әрі Қытайға қарсы өзінің насихатын тоқтататынына уәде берді. Маусым айында, Айман Омарова—Біләшті және Шыңжаңдағы бұрынғы тұтқындардың құқығын қорғаушы адам құқықтары жөніндегі адвокат және 2018 жылы АҚШ Мемлекеттік департаментінен [Халықаралық батыл әйелдер сыйлығымен](#) марапатталған—өз итінің [анық түрде уланғанын](#) тапты және ол үкіметті оны қорқыту үшін соған барды деп [айыптады](#).

### НЕГІЗГІ АҚШ САЯСАТЫ

Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан 2019 жылы тығыз және терең серіктестік қарым-қатынаста болды, соның ішінде мамыр айында АҚШ-Қазақстан діни бостандығы жөніндегі жұмыс тобының құрылуы. Қазан айында АҚШ мемлекеттік департаментінің терроризмге қарсы күрес жөніндегі елшісі Нейтан А. Сейлс Сириядан оралғандарды оңалтуда және қауышуда «іргелі жұмыстары», сондай-ақ зорлықты экстремизмге қарсы аймақтық әрекеттерін талқылау үшін Қазақстан үкіметінің өкілдерімен [кездесті](#). Желтоқсан айында екі ел жыл сайынғы АҚШ пен Қазақстанның стратегиялық серіктестік диалогын (ESPD) өткізді және бірқатар мәселелерді, соның ішінде аймақтық тұрақтылық, адам құқықтары, еңбек және діни бостандық мәселелерін [талқылады](#). Сол айда мемлекеттік хатшысы Майкл Р.Помпео Вашингтонда Қазақстанның Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердімен кездесті және екіжақты қатынастарды жақсарту мәселелерін [талқылады](#). Хатшы Помпео Қазақстан үкіметін реформаларды жүргізуін және Қазақстан халқының негізгі бостандықтарын қорғауды күшейтуге шақырды. Сонымен қатар, ол Шыңжаңдағы адам құқықтары саласындағы дағдарыс мәселесін көтеріп, Қазақстанға пана іздеп келген адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткені үшін Қазақстанды мадақтады.